

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»  
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты»  
«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «BILIM QAZYNA» КММ  
«Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның  
дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры



**AUEZOV**  
UNIVERSITY  
1943



**«DIGITAL БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТРЕНДТЕР:  
негізгі құндылықтар мен технологиялар» атты  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ  
ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«ТРЕНДЫ В DIGITAL ОБРАЗОВАНИИ:  
ключевые ценности и технологии»**



**28 тамыз**  
2024 жыл

**АҚТӨБЕ**  
қаласы



## МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

<i>Ольто М.Г</i> «Значимость педагогического общения в формировании психологически безопасной образовательной среды».....	12-13
<i>Карпова Н.П</i> «Актуальность использования цифровых технологий на уроках физической культуры».....	14-16
<i>Амандыкова Г.Х</i> «Особенности обучения детей с особыми потребностями: состояние, проблемы и перспективы».....	16-17
<i>Мазина А.Ж</i> «Цифрлық кеңістіктегі жасанды интеллекттің заманауи білім берудегі ролі».....	18-20
<i>Лаукенова Л.Ж., Досумбетова Э.У</i> «Рухани – адамгершілік тәрбие».....	20-21
<i>Нұрманова Г.Ә., Нұрманова Л.Ә</i> «Заманауи цифрлық мектепті құру бойынша ұсыныстар».....	22-24
<i>Кунуспаева А.М</i> «Сөйлеу мүкестігі бар балаларға шетел тілін меңгерудің жолдары».....	24-26
<i>Даулетбаева Г.Т</i> «Раннее развитие детей: потенциал и возможности».....	26-27
<i>Досова Г.П</i> «Актуальные проблемы дошкольного образования: вызовы и решения».....	27-28
<i>Абдуалиева А.Т</i> «Опыт и инновации в дошкольном образовании: формируя будущее поколений».....	28-29
<i>Темирова Б.А</i> «Адамгершілік-рухани тәрбие беруде халық педагогикасын пайдалану».....	29-30
<i>Yesserkerova I.ZH</i> «The introduction of gaming technologies in the english lesson».....	30-33
<i>Алиев Ж.Б</i> «XXI ғасырдағы рухани-адамгершілік тәрбие негізі - өсиеттер».....	33-34
<i>Пустоварова С.А</i> «Опыт и инновации в образовании».....	34-36
<i>Алдабергенова Г.Б</i> «Тарих сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану».....	36-39
<i>Кадирова Г.Ж</i> «Ұлттық ойындардың бала тілін дамытудағы маңызы».....	39-41
<i>Григорьева О.В.</i> «Особенности обучения детей с умеренным нарушением интеллекта: состояние, проблемы, перспективы».....	41-45
<i>Даримова Ф.С</i> «Адамгершілік-рухани тәрбиенің негізі».....	45-46
<i>Төкешова Г.М</i> «Баланы ерте жастан дамыту».....	46-47
<i>Юрист О.Д</i> «"Модель" учителя физической культуры в современной школе».....	47-48
<i>Байтурлина А.А</i> «Мектеп жасына дейінгі балаларға рухани-адамгершілік тәрбие берудегі балабақша мен отбасының өзара ынтымақтасығы».....	49-51
<i>Доцанова Г.Д., Байгожина Г.Ш</i> «Инклюзивті білім берудің заманауи тәсілдері».....	51-53
<i>Темірбай Ә.Р., Ундаганова Ж.О</i> «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдау үшін цифрлық технологияларды пайдалану».....	53-55
<i>Карагулова А.Т</i> «Инклюзивті білім берудің маңызы мен ерекшеліктері».....	55-56
<i>Бурибаева С.Я</i> «Шакарим Кудайбердиев и наследие духовно - нравственной культуры великого народа».....	56-58
<i>Пернебаева Т.Р</i> «Үйден оқитын оқушыларды жанартылған оқу бағдарламасымен оқытудың ерекшеліктері».....	58-62
<i>Абилдаева Н.М</i> «Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудың ерекшеліктері: жағдайы, мәселелері, болашағы».....	63-64
<i>Абикенова А.Т</i> «Инклюзивті білім беру».....	64-68
<i>Бисеналина Д.Н</i> «Мектепке дейінгі ұйымда саралап оқытудың тиімділігі».....	69-70
<i>Ермекбаева М.А</i> «Мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен психологтың жұмыс бағыттары».....	70-73
<i>Курманалина А.К</i> «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы».....	73-75
<i>Устабаева А.Р</i> «Балабақшадағы адамгершілік асыл қасиеттің маңыздылығы».....	76-77
<i>Даут Г.Н</i> «Ұрпақ тәрбиесіндегі рухани — адамгершілік мәселелері».....	78-79
<i>Әбдісаламова С.К</i> «Мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі жас топтарында денсаулықты сақтау және ынталаңдыру заманауи технологиялары».....	79-82

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Саралау – білім мазмұны табысты игеруге, баланың қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады. Баланы бақылау арқылы жаңаша қабілеттерін байқауға болады. Бақылауды түрлі әдіс арқылы жүргізе аламыз. Әрбір тәрбиеленушіні бақылау барысында қабілетін, белсенділігін, мүмкіндігін, жас ерекшелігін ескере отырып саралай аламыз және оқыту барысында мақсатқа жетуіне жағдай туғызамыз. Тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оны табысқа жетелеп, танымдық қызығушылығын арттырады. Баланың іс-әрекетін бағалау, оның өзіне деген сенімділігін арттырады. Тәрбиеші қолпаштау, мадақтау арқылы баланы бағалайды және қателіктерін түзетуге мүмкіндік береді. Педагогтер баланы бағалау барысында онымен кері байланыс жасайды. Аталған оқыту түрлерін кіріктіру арқылы іс әрекетті ұйымдастыру педагогтің шеберлігін қажет ететіні сөзсіз. Балалардың тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін, заманға сай бәсекеге қабілетті болуына бағыт беретін бірден-бір тұлға болғандықтан, заман талабына сай тәрбиешінің де өзгеруіне тура келеді.

Оқытуды саралау дегеніміз – балалардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес оқу ортасын құру, оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық - педагогикалық және ұйымдастырушылық кешен.

Саралап оқытудың мақсаты әртүрлі:

- 1) әрбір бала үшін күрделі және қызықты тапсырмалар әзірлеу;
- 2) маңызды тақырыптар мен түсініктерге, процестер мен дағдыларға, сондай-ақ білімді көрсетудің көптеген тәсілдеріне негізделген іс-әрекетті әзірлеу;
- 3) мазмұнға, оқытуға және өнімдерге икемді тәсілдерді қамтамасыз ету;
- 4) балалардың дайындық деңгейін, оқу қажеттіліктерін, оқудағы қызығушылықтары мен қалауларын ескеру;
- 5) балалардың әртүрлі оқыту форматтарында жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

Саралау кезінде балалардың деңгейлері, қажеттіліктері ескеріледі. Яғни тапсырмалар қабілет қарымына қарай жеңілдетіліп немесе күрделендіріліп беріледі. Тапсырмалар жеңіл немесе күрделі етіп берілуіндегі себеп топтағы балалардың барлығының деңгейі бірдей болмауында.

Саралап оқытудың тиімділігі балаларды қабілеттері мен ерекшеліктеріне және дарындары мен мүмкіндіктеріне қарай жол ашады. Білім сапасы, білік дағдылары бағаланады, ынтасы мен оқуға деген қызығушылықтарын арттырады. Оқу процесіндегі келесі жетістікті анықтау мақсатында жүргізілетін келесі іс-әрекет түрі – бағалау және кері байланыс. Баланы дұрыс бағалау және оған сындарлы пікір білдіріп, кері байланыс беру – оқытуда жетістікке жетудің бір факторы. Дұрыс бағалау жүргізу, сындарлы әрі сапалы кері байланыс беру арқылы тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесін анықтап, берілген тақырыпты меңгерудегі деңгейін біліп, жетістіктері арқылы мадақтау және кемшіліктерін түзетуге мүмкіндік беру және үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал жасай отырып, балаға белсенді даму ортасын құрамыз. Педагог шеберлігі мен шығармашылығына қарай балаларды іс-әрекет барысында, жекелеген жұмыс барысында бағалаудың әдістерін өзі құра алады. Әрекет барысында педагог пен бала арасындағы бағалау, балалардың бірін-бірі бағалауы және тәрбиеленушінің өзін-өзі бағалауы жүзеге асырылады. Яғни топтық бағалау, жұптық бағалау, өзіндік бағалау, тәрбиешінің бағалауы сынды түрлі әдістерді қолдануға болады. Балалар бірін-бірі бағалай отырып қарым-қатынас ортасын құрады. Ал тәрбиеленуші өзін-өзі бағалауы арқылы өзіне деген құрметі артады. Өзінің жетістігін бағалау арқылы сенімдірек болады, өз кемшілігін өзі көруге, оны түзетуге дағдыланады. Педагог өз-өзіне баға беру арқылы жұмысын жақсартады, кемшілігін түзетіп, шығармашылығын шыңдайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы балалардың дамуы мен жеке мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Ерте жастағы балалар оқуға, дүниені танып білуге ерекше қабілетті, сонымен қатар оқуға қажетті көптеген дағдыларды меңгере алады. Балалардың зияткерлік және эмоционалды дамуына жасалған жағдайда, бала бойындағы танып білуге деген қызығушылықтары артып, ойлау дағдылары қалыптасады. Баланың таным қабілетіне,

мүмкіндігіне қарай білім беру арқылы, біз оның жеке дамуына мүмкіндік береміз. Қазіргі уақыттың талабы сыни ойлай алатын, креативті идеяларды ұсына білетін, командада жұмыс жасай білетін және жеке тұлғалық қасиеттері дамыған тұлға тәрбиелеу. Креативтілік – баланың қиялы мен шығармашылық қабілетін дамытады. Қиялына ерік беру арқылы жаңа дүниелерді ойлап табады. Баланың бойында жаңа қызығушылықтар мен идеялар пайда болады. Шығармашылық қабілеті дамыған балаға жаңа ортаға бейімделу өте оңайға түседі. Сыни ойлау арқылы бала бойында ойын жинақтай алу, дұрыс жеткізе білу дағдылары дамиды. Сыни ойлай білетін бала түрлі баламалы шешімдерді ұсына алады. Қарым-қатынас балаларға өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өзге адамдармен жиі сөйлесу арқылы, пікір алмасу, ой бөлісу дағдысы дамиды. Кішкентай балалар бірлескен командалық жұмысты жақсы көреді. Бірлесіп жұмыс жасау арқылы бала жаңа түсініктерді меңгереді. Өмірлік дағдыларын шынықтырады. Кез-келген ортада, ұжымда өзін еркін сезіну, айтылған пікірді бағалау, өзінің көзқарасын жеткізу дағдылары қалыптасады. Көсбашылық қабілеттері дамиды.

Бала бұл біздің айнамыз. Берген білім мен тәрбиеміз, көрсеткен үлгі-өнегеміз сол алдымыздағы бейнесінен айқын көрінеді. Баланы жиі мақтаса, ол бағалауды үйренеді, жиі құптап отырса, ол өзіне жақсы қарауды үйренеді, онымен шынайы болған жағдайда, ол әділдікке үйренеді. Бұл айтылғандар түптеп келгенде жаңартылған білім беру мазмұнының түйінді идеясын атап тұрғандай. Шындап келгенде бала тәрбиелеу – өз-өзінді тәрбиелеу болып табылады.

Баланың дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін тәрбиешілер болғандықтан, білім берудегі педагогикалық үдерісті толыққанды және сапалы жүзеге асыруы қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Жоспарлау мен оқытуда саралау тәсілдерін қолдану. Әдістемелік құрал. Атырау 2019ж
2. Оқу үдерісін саралап оқытудың әдіс-тәсілдері. Астана, 2017 жыл

*М.А.Ермекбаева, педагог-психолог  
Ақтобе қаласы, №28 «Жеркем» балабақшасы*

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРМЕН ПСИХОЛОГТЫҢ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ**

### **Аннотация**

Объектами психологической поддержки являются не только сам ребенок, но и его родители, другие важные для ребенка взрослые, дети. Начальный этап психодиагностика-направлен на изучение особенностей развития ребенка, определение уровня развития отдельных психических функций, определение структуры дефекта, выявление нарушенных функций и нарушенных функций. Регулярно проводимая психодиагностика позволяет контролировать ход развития ребенка и оценивать эффективность работы с ним.

Инклюзивті білім беру – бұл барлық бала өздерінің физикалық, ақыл-ой, интеллектуалды және басқа ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне енгізілген және мүмкіндігі шектеусіз құрдастарымен бірге оқытылатын оқыту және тәрбиелеу процесі.

ҚР «Білім туралы» заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс екені көрсетілген.

Неміс педагог-дефектологы П.Шуман «Баланың психикалық немесе дене дамуы неғұрлым төмен болса, ұстаздың білімділігі мен біліктілігі соғұрлым жоғары болуы қажет» — деп айтқанындай, баламен жүргізілетін кез-келген коррекциялық- педагогикалық жұмыс оның толық мүмкіндіктерін іске асыруға, дамуында мүмкін болатын ауытқулардың алдын- алуға және қоғамда табысты өмір сүруге мүмкіндік беретін дағдыларды меңгеруге бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйым психологының ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмысының негізгі бағыттары: диагностикалық, түзету-дамыту жұмыстары, осы санаттағы балаларды тәрбиелеп отырған педагогтар және ата-аналармен психологиялық алдын-алу (профилактикалық) және кеңес беру жұмысы.



**AUEZOV**  
UNIVERSITY  
1943



«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»  
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты»  
«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «BILIM QAZYNA» КММ  
«Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры

# СЕРТИФИКАТ

**Бисеналина Дамегуль Нагиевнаға**

**«DIGITAL БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТРЕНДТЕР: НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР»**

атты Республикалық педагогикалық конференциясына қатысып, кәсіби деңгейде белсенділік танытқаны үшін берілді

выдан за участие в Республиканской педагогической конференции на тему

**«ТРЕНДЫ В DIGITAL ОБРАЗОВАНИИ: КЛЮЧЕВЫЕ ЦЕННОСТИ И ТЕХНОЛОГИИ»**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік  
Қазақстан университетінің  
Академиялық Ғылым Департамент  
директоры, PhD докторы

У.Б. Назарбек



«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы  
«Ақтөбе облысы бойынша  
Кәсіби даму  
институтының» директоры

Н.М.Абишева



«Ақтөбе қаласының білім  
бөлімі» ММ  
«BILIM QAZYNA» КММ  
директоры

А.М.Сүлейменова



«Халықаралық шығармашылық  
пен ғылымның дамуын қолдау  
қоры» Қоғамдық қорының  
президенті

А.Сатенова



БСН 170840021548  
Лицензия МИР РК №17264 Ж  
05.09.2018г

Тіркеу CFTK№060